

«Адал ұрпақ» жобасына 2022-2023 оқу жылында 22 оқушы тартылды. Қыркүйек айында «Парасатты пайымы биік, адал ұрпақ» тақырыбында 2-11 сыныптарда адалдық сағаты өткізілді. Мақсаты: «Сыбайлас-жемқорлыққа» деген қғымды түсіндіріп, пайда болу жағыдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Қоғамдық қасіретке әкелетін бұл материалдық құндылықтар дағдарысынан шығу және оны жою дұрыс әрекет етуден туындайтынын ұғындыру. Қаңтар айынында «Ел мүддесіне-адал еңбек» тақырыбында, Тәуелсіздік күніне орай жас мамандармен кездесу ұйымдастырылды.

Жоба мақсаты: Жас мамандарға Тәуелсіздіктің тарихи маңызын түсіндіру, елдің жетістіктерін дәріптеу;

Оларды ел мүддесіне адал еңбек етуге, кәсіби жауапкершілікке тәрбиелеу;

Патриоттық рухты көтеру, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру

Мемлекет болашағы жастардың қолында екенін ұғындыру.

Жыл соңында «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және парасаттылық саясаты» тақырыбында барлық оқушылардан сауалнама алынды.

2023-2024 оқу жылында «Адал ұрпақ» жобасына 5-11 сынып оқушылары тартылды. Қыркүйек айында «Адал ұрпақ» клубы секциясы, қызыметін ұйымдастыру, жоспары бекітілді.

«Адал болу адамға не үшін қажет» тақырыбында қазан айында 1-4 сынып аралығында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу;

Жаман мен жаманды ажырата білуге үйрету

Адал еңбектің қадірін түсіндіру;

Достық пен сыйластықта әділ болуға баулу.

«Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-қауыпты көрініс» тақырыбында 9-11 сынып аралығында тәрбие сағаты өткізілді.

Қараша айының 20 күні «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында 9-11 сынып арасында пікірталас өткізілді.

Мақсаты: Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту.

Желтоқсан айында «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында 1-8 сынып оқушылары аралығында сурет байқауы өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды еңбекқорлыққа, жауапкершілікке адалдыққа тәрбиелеу.

Байқау нәтижесінде: 1 орын 8 сынып оқушысы – Кәрімжанұлы Нұрасыл; 2-орын - 6 сынып оқушысы Сейтқазықызы Әдемі; 3-орын - 4 сынып оқушысы Бейсенбаева Мерей иеленді.

«Жемқорлық құқық бұзушылықтың картасы» тақырыбында қаңтар айында
«Жемқорлыққа жол жоқ. Жемқорлықпен күрес қоғам борышы» қысқа метражды фильм көрсетілді.

Ақпан айында: «Мейірімділік пен қайырымдылық» тақырыбында 5-7 сыныптарға ақпараттық сағат өткізілді.

«Адалдық пен әділеттілік» тақырыбында наурыз айында 8-10 сыныптар қатысуымен тәрбие сағаты өткізілді.

Сәуір айында: «Мемлекеттік қызмет-елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында 5-8 сынып оқушылар арасында эссе байқауы өткізілді.

2024-2025 оқу жылында «Адал ұрпақ» жобасына ерікті 6-11 сынып оқушылары алынып 44 оқушы тартылды.

Қыркүйек айында: «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубын ұйымдастыру. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының 6-11 сынып аралығында жоспары құрылып бекітілді.

«Парасатты азамат» бұрышы ұйымдастырылды.

«Парасаттылық сағаты» 6-11 сынып аралығында Ұлы тұлғалардың ұлы сөздерін ұлықтау мақсатында бейне көрсетілім көрсетілді.

Қазан айында: «Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық фактор анықтау мақсатында» 6-11 сынып аралығында сауалнама жүргізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында 6-11 сынып аралығында акция ұйымдастырылды.

«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында қаңтар айында флешмоп ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылардың бойында жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру

Адалдық, әділдік, жауапкершілік құндылықтарын насихаттау.

Жастарды парасаттылыққа, азаматтық ұстанымын айқындауға тәрбиелеу

«Адал ұрпақ» ұйымының жобасына сәйкес «Заң талабы-заман талабы» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, кері байланыс жүргізілді.

Мамыр айында: «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында пікір сайыс 6-11 сынып аралығында өткізілді. Жыл соңында жыл бойы өткізілген шараларға есеп беріліп, келер оқу жылына оқушыларға сәттілік тілеп «Адал ұрпақ» жобасы қортындыланды.